



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

6. Free the facts [Электрондық ресурc]. – Кіру тәртібі:<http://www.theguardian.com/news/datablog/2009/mar/10/1>
7. [Электрондық ресурc]. – Кіру тәртібі:<http://www.grepsr.com/blog/data-is-the-news-how-has-big-data-redefined-news-in-the-digital-era/>
8. Тулупов В.В. Дизайн периодических изданий. СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 2008. Добрава И. Инфографика: шаг вперед, два назад? //InfoGrapher.–URL[Электрондық ресурc]. – Кіру тәртібі: <http://infographer.ru/infografika-shag-vpered-dva-nazad/>
9. Волкова В.В. Проблемы дизайна качественных изданий // Вестник Московского университета. Серия 10. Журналистика. - М.: Изд-во МГУ, 2006, №3. - 265 стр..
10. Степанов В.Н. Этика массовой коммуникации // Средства массовой информации в современном мире. Петербургские чтения: Материалы межвузовской научно-практической конференции. СПб, 2006. –396 стр.
11. Шилина М. Г. DataJournalism – дата-журналистика, журналистика метаданных – в структуре медиакommunikации: к вопросу формирования теоретических исследовательских подходов //Медиаскоп. – 2003-2013. [Электрондық ресурc]. – Кіру тәртібі: <http://www.mediascope.ru/node/1263#7>
12. Карякина К. А. Мультимедиа как фактор трансформации современной медиаиндустрии: генезис и развитие новых СМИ. // Интернет и интерактивные электронные медиа, Ч.1 Трансформация глобального информационно-коммуникационного пространства в интернете. Под ред. Засурского И.И. – М.: МГУ, 2007. - 248 стр.
13. Карякина К. А. Мультимедиа как фактор трансформации современной медиаиндустрии: генезис и развитие новых СМИ. // Интернет и интерактивные электронные медиа, Ч.1 Трансформация глобального информационно-коммуникационного пространства в интернете. Под ред. Засурского И.И. – М.: МГУ, 2007. - 248 стр.

УДК 882

## ОТАНДЫҚ ТЕЛЕАРНАЛАРДАҒЫ ТОК-ШОУДЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

**Сарыбаева Назгүл**

[nazgul@mail.ru](mailto:nazgul@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика  
мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Тұржан О.І.

Егер әр нәрсені өз атымен атасақ, отандық телеарналарда да ток-шоу жанрындағы бірқатар тартымды һәм танымдық сипаты айқын бағдарламалар дайындалып, көрерменге жол тартты. Осы орайда бас арнадағы әріптестеріміз іргелі жобалардың басын қайырғанын айтқанымыз әділдікке жатса керек.

Ең алдымен, осы қара шаңырағымыздың тарих-талайына аздап тоқталғанымыздың артықшылығы болмас. Отандық тұңғыш ұлттық телеарна болып саналатын «Қазақстанның» тамыры терең тарихына көз салсақ, 1957 жылдың басында Үкімет радио мен теледидарды Мәдениет министрлігі құрамынан бөлек шығару туралы шешім шығарылып, одан бері бірнеше ұйымдатушылық кезенді бастан өткерді.

1992 жылдың 18 қыркүйегінен Қазақстан Телевизия және радиохабарлары жөніндегі Мемлекеттік компаниясы, ал 1994 жылдың 4 сәуірінен Қазақстан телеарнасы мен радиосы республикалық корпорациясы болып өзгерді. Қазақ телевизиясының алғашқы кезеңі жайлы Совет Масғұтов: «1958 жылы телевизия Қазақстанда да пайда болды. Республика астанасы тұрғындары 8 мартта тұңғыш рет өз экрандарында Қазақ телевизиясының алғашқы дикторлары З.Жұматова мен Н.Омарованың дидарын көрді. Олар көпшілікті Алматыда

телевизия хабарларының басталуымен, ал әйелдер қауымын мерекелерімен құттықтап, жылы лебіз білдірді. Содан соң «Үкімет мүшесі» атты көркем фильм көрсетілді», - дейді.

Қазақ телевизиясы ресми түрде 16 наурыз күні ашылды. Республикамыздағы алғашқы телехабарларды даярлап, эфирге беруге Алматы телестудиясының тұңғыш директоры Х.Абылғазин, бас редакторлар С.Нұрғалымов, И.Саввин, бас режиссер Л.Ғалымжанова, телеоператорлар И.Смирнов, И.Сагитов, суретші Э.Немирский т.б. қатысты. «15 апрельден бастап Алматы телестудиясы аптасына бес рет тұрақты түрде хабарлар бере бастады. Жаңа студия коллективіне Москва, Ленинград және Свердловск телестудияларының творчестволық қызметкерлері көп көмек көрсетті» [1].

Телеарналарда шыққан бағдарламалардың жанрлық, пішіндік түрлеріне назар салсақ, Қазақ телехабарларының қалыптасу кезінде оның денін тележурнал, плакат, очерк репортаж, әңгіме, хабар т.б. алуан үлгідегі жанрлар мен пішіндер құрады. Киноплёнканың аз кезінде эфирдегі көріністі көпшілігінде жансыз суреттер мен диаграммалар не белгілі бір адамдардың сөздерінің үзінділері толықтырып отырса да, уақыт өте келе хабарлардың пішіні мен түрі едәуір өзгеріске ұшырады. Көрермен үшін сан алуан жанрлар мен пішіндерде берілген хабарлар көркемдік жағынан сапалы болмаса да, рухани байлығы мол, құнарлы дүние болды. Тележурналистке телехабардың табиғатына қатысты қолданылатын көркемдік безендіру мен мәнерлі құралдар – монтаж, көрініс пен бірге кіріге сабақтасқан мәтін, шу, музыканы кешенді игеру қажеттілігі туындады. Алғашқы кезеңде Алматы телевизия орталығының қуаттылығы 120 шақырым аймақты қамтиды деп есептелінсе, ол іске қосылған кезде Алматы, Талдықорған облыстарының көптеген аудандарын және бір мезгілде, көршілес Фрунзе (Бішкек – автор) қаласы да Алматы бағдарламасын қабылдады. 1958 жылы Алматы-Фрунзе-Ташкент телевизия хабарын көрсетуді қамтамасыз ететін радиорелейлік жол салынып бітті [2].

Қазақстанның өзге де аймақтарында мәселен, Өскемен телестудиясы 16 наурызда эфирде тұңғыш рет телевизиялық суретті көрсетті. Сол жылдың 3- желтоқсанында Өскемен телевизия орталығының инженері Л.Парамонов құрастырған телекамера арқылы диктор алғаш рет экранда көрінді. Қарағанды телестудиясы эфирге сол жылдың 31, «жарқыра, жана бер, жұлдызым!» деген көркемфильмді көрсетті. Республика аумағында (1958-1959) 30 программалық телеорталықтар жұмыс істеді. Алпысыншы жылдары республика аумағында телеорталықтар салу ісі қолға алынды. «Бұл ретте жоспарлы құрылыстар мен қатар жергілікті шаруашылық орындары, аса ірі кәсіпорындар қаржысына сүйене отырып қоғамдық негізде салынған телеорталықтар да болды. Осындай жолмен салынған орталық Жезқазғанда 1960 жылы ашылды» [3].

1960-1970 жылдар республикалық телеарналардың өркендеу кезеңі болды деп айтуға әбден негіз бар. 1969 жылдың 3 қарашасында құрылған «Қазақтелефильм» студиясының атқарған істері қыруар. Егер 1958 жылы республикада кино түсірілім небәрі 1,3 сағат болса, ол 1968 жылы 356 сағатқа дейін өскен. «Қазақтелефильм» студиясы аз уақыттың ішінде 2000-нан астам түрлі бағыттағы фильмдер шығарса, Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадио кешені үш жыл ішінде 200-ге тарта деректі фильм түсіріпті. Өз табиғатында деректі фильмдер белгілі бір мұрат-мақсаттарды ту етіп ұстанады. С.Азимовтың «Аралмен қоштасу», В.Рерихтың «Полигон», Қ.Олжайдың «Бірінші» фильмдерінің көрерменге берері мол, ойлы дүниелер. Елімізде ең үздік деректі фильмдер мен бейнеклиптер жасап жүрген А.Алипов, А.Бәпішев, Н.Дәуітовтер талантты режиссерлер. 1970 жылдардағы отандық тележурналистиканың тарихына барлау жасау, осы кезеңде теледидардың дыбыстық-көріністік ақпаратты кейіптеу процесінде өзінің баспасөзден және радиодан ерекшелігін айқындап, өз сүрлеуін таңдай білгендігін көрсетеді. Отандық тележурналистика тарихы тамаша телепублицистер мен білікті тележурналистердің талантты туындыларымен сабақтас. Әрбірінің тақырыпты табудан бастап, сценарий жазу, эфирде хабарды жүргізу, сөйлеудегі шешендік, талдаудағы тереңдік, тікелей эфирдегі кенеттен тапқырлық, көз сүйсінетіндей көріктілікпен сұхбаттағы парасаттылығы өзгелерге үлгі болды. Қазақ теледидарында комментатор, бас редактор болған, әрі теледидар жайлы ана тіліміздегі алғашқы кітаптың

авторы С.Масғұтов әдебиет, өнер қайраткерлерімен жүргізген «Кездесу», «Сұхбат» хабарлары арқылы экранға тың пішін әкелген С.Оразалинов, жастардың сүйіп көретін «Атамекен» хабарымен танымал Қ.Игісінов, ойын-сауық түріндегі «Алтыбақанның» авторы-жүргізушісі Ф.Бегембаева, спорт хабарларын сан мәрте түрлендіріп беретін Р.Жәнібековпен Қ.Аралбаев, «Ой-Көкпармен» әйгілі болған Н.Иманғалиұлы, «Өмір-өзенімен» есте қалған Б.Құсанбек [4].

Америка мен Ресейде танылған «телекөпірлер» біздің отандық телеарналарға да дендеп ене бастады. Қазақ теледидарының тың ізденіс бағытындағы табыстары ретінде «телекөпірлер» мен «телемарафондарды» атауға болады. Телекөпір арқылы композиторлар мен әншілер: Ғ.Жұбанова, Ж.Дәстенов, Е.Станкович, Б.Которович, Ж.Әубікәрова т.б. әншілер танымал әндерін орындап, қос халықтың өнерін екі елдің көрермендеріне таныстырып, көпшілікке естен кетпес кеш сыйлады. Телекөпірді Қазақ телевизиясының дикторы Р.Аманжолова, композитор Ж.Дәстенов пен Киевтік тележурналист Тамара Павленколар жүргізді [5].

Қазақ тележурналистикасының қалыптасуы мен дамуын Кеңес тележурналистикасымен тікелей байланыссыз алып қарай алмайтынымыз ақиқат. Отандық телеарналар сол Кеңес заманында-ақ талай биіктерге өрлей алды. Бүгінгі ХХІ ғасырдағы отандық телеарнада ток-шоу жанры қарқынды дамыды. Оған бірқатар мысалдар келтірсек.

Қазіргі көгілдір экран арқылы көрерменге жол тартып жүрген ток-шоу жанрларының ішінде: Ұлттық арнадағы «Айтуға оңай», «КТК» телеарнасындағы «Наша правда», «Хабар» телеарнасындағы «Бенефис шоу», «Бірінші арнадағы» «Пендеміз ғой», «Хабар» арнасындағы «Тікелей эфир», «Қазақстан» телеарнасында әлеуетті аудитория жинаған «Әйел бақыты», өзге де бірқатар арналарда жол тауып жүрген «Кешкі кездесу», «Айтылмаған әңгіме», «Қарекет», «Алаң» т.б айтуға болады.

1) «**Айтуға оңай...**» ток-шоуы тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерді, өзекті оқиғаларды талқыға салған танымал бағдарлама деңгейіне көтерілген еді. Сондай-ақ, мерекелік күндерге де түсірілімдер арнады. Бағдарлама қонақтары – қарапайым азаматтар, өнер адамдары, қоғам қайраткерлері, саясаткерлер және құзырлы мекемелердің өкілдері. Хабар соңында келген кейіпкерлердің мәселесі талқыланып, міндетті түрде жеңілдету жолдары қарастырылды. Оларға психологиялық, медициналық, материалдық, рухани тұрғыда көмек берілді.

**Шығармашылық бірлестік жетекшісі:** Шынар Ықсанғалиева

**Продюсер:** Әлия Құдайбергенова

**Өндіруші:** «Studio БР» ЖШС

**Жүргізушісі:** Бейсен Құранбек

**Шеф-редактор:** Мәриям Әбсаттар

**Қоюшы режиссері:** Бегалы Шібікеев

**Ұзақтығы:** 40 мин

**Жанры:** әлеуметтік ток-шоу [6]

Мәңгілік ештеңе де жоқ. Әр нәрсенің өз уақыты, өз мерзімі болады. Сол сияқты эфирде жарық көрген бағдарламалардың да өзіндік мерзімдері бар. Бірі көгілдір экраннан 1-2 жыл орын алып бастаса, кейбірі 5-7 жылға дейін қызмет етеді. Көрерменнің көзайымына айналған бұл ток-шоу осы жылдар аралығында өз қызметін адал атқарды. Қызмет етіп қана қойған жоқ, күдерін үзген жандарға үміт отын жақты, көмек қолын созды. Жоғалғандар табылды, сырқат жандар жазылды десем артық айтпаған болар едім.

Ғаламтор желісінде нақты ақпараты көрсетілмесе де зерттей келе соңғы үш жылдың ішінде ғана осы бағдарламаның 750-ге жуық шығарылымы эфирге жол тартты деп жуықтадым. Түрлі себептермен эфирден өтпей қалған сандары да болған сыңайлы. Ал бес жыл уақыт аралығында ше? Қаншама шығарылымдары жарық көріп, көрермендерді экранның алдына "байлады". Сондықтан, аса ауыр күш, ерен еңбекті қажет еткен бұл жоба тарихтан өз орынын ойып тұрып алғаны қуантады.

«Айтуға оңай...» ток-шоуын жоғары дәрежеде көрсете білген, халықтың қамын ойлап, жүрек түкпірінде жатқан толғаныстарын бірге сезіне білген әріптесіміз – Бейсен Құранбек. Бағдарламаны оңды-солды жүргізіп жүрген сан түрлі жүргізушілерді көріп жүрміз. Ал бұл кісінің алар орны бөлек. Әр шығарылым профессионалды тұрғыда өте жоғары деңгейде өтті. Жүргізушінің сөйлеу мәдениеті, адамдармен қарым-қатынасы, өз-өзін ұстауы, журналистік этикаға сай келеді. Соның да ықпалы тиді. Аталмыш бағдарламаға қатысты оң пікірлер де жоқ емес. Мәселен, 2000 жылдарда «31 арна», «Хабар» арнасы арқылы көрерменнің көкейінде қалып, әлеуметтік, ақпараттық хабарларды жүргізген Берік Уәлидің осы ток-шоу жайлы ойы: *Бір ғана телебағдарламаны айтайын. Өзім көп жылдар бойы 31-каналда, Хабарда бірге жұмыс істеген, әріптесім Бейсен Құранбек жүргізетін «Айтуға оңай...» ток-шоуы. Бұл жоба шын мәнінде сапалы, әрі сауатты. Көрерменнің көңілінен шығады. Өзім қолым тиіп жатса қалдырмай көруге тырысамын. Форматы да, контингенті де, шығармашылық топ та мықты. Күн тәртібіндегі өзекті мәселелер көтеріледі. Күнделікті тұрмысқа қатысты дүниелер талқыланады. Ауылдағы ағайын-туысқандар «Айтуға оңай...» ток-шоуында айтылған мәселелерді әңгіме қып жатқанына талай куә болдым. «Айтуға оңай...» ток-шоуының рейтингісі, кез-келген жұрт тапжылмай көретін түрік сериалдарының көрсеткішінен артық болмаса, кем емес. Осы мүмкіндікті пайдаланып Бейсекең бастаған шығармашылық топқа алдағы уақытта да көрермендердің көкейіндегі көптеген өзекті мәселелерді көтеруде сәттілік тілеймін [7].*

2) **«Бенефис шоу» «Хабар»** телеарнасынан көрерменге жол тартқан шоу мерекелік бағдарламасы. Отандық өнер майталмандарының өмірінен сыр шертіп, оларды қалың көрерменге өзінше болмысымен танытатын, мейлінше аудитория жинай білген тың бағдарлама болды. Студияның құрылымы да, келген қонақтардың ой-пікірлері де тың жасақталған. 1 сағат көлеміне негізделген бағдарлама әр кейіпкерін өзінше қырынан аша біледі.

3) Әсерлі сұхбаттарымен, өзінше форматымен «Еуразия» бірінші арнасынан көрерменге жол тартқан **«Кешкі кездесу»** бағдарламасы аз ғана уақыт үлкен аудитория жасақтай алды. Өнер мен мәдениет, қоғам мен әлеуметтің ең қызықты, өзекті тақырыптарын қозғап, тоқтаусыз тіршіліктегі мызғымас құндылықтарды еске салатын сүйікті бағдарлама сенбі сайын елдің жақсылары мен жайсандарын студияға қонақ етеді. Бағдарлама жүргізушісі Аман Тасыған көрермендерін барынша баурай алатын, сөз саптау шеберлігі журналистік тапқырлықпен жымдаса білген, әр келген қонақтың болмысын еш боямасыз ашып бере алатын кәсіби журналист. Бағдарлама әр сенбі сайын 22:30-да «Еуразия» бірінші арнасында экранға шығады [8].

4) Түрленген тағдырлар, шешімін таппай жүрген түйткілдер. Уайым-қайғы, наз бен реніштер. Адамның өмір жолындағы күресі. Үздіктердің ақыл-кеңесі, бағдары мен сырлары. Өзекті ақпарат пен жүйрік ойларды **«Тікелей эфир»** форматында жаңа маусымда жол тартты. Бағдарлама мақсаты – қоғам назарына ілінген ерекше оқиғалар мен кезек күттірмейтін мәселелердің тобықтай түйінін табу, кейстерді арнайы мамандардың, соның ішінде психологтар мен заңгерлердің елегінен өткізу. Сондай-ақ күні кеше болған маңызды шаралар, еліміздің қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі атаулы күндер назарымыздан тыс қалмайды. Бағдарлама айтары бар жаңа есімдердің, танымалдық олимпіне шықпаған азаматтардың да ой-пікірін аудитория елегінен өткізеді.

**Жанр:** Тікелей эфирдегі отбасылық ток-шоу

**Жүргізуші:** Ләйлә Сұлтанқызы

**Жиілігі:** Аптасына 4 рет

**Ұзақтығы:** 60 минут [9].

5) «Ведь правда у каждого своя...» деген ойға сыятын **«Наша правда»** ток-шоуы экранға бірнеше жылдар қатарынан жол тартып келеді. Орыс тілінде түрлі өмірлік, әлеуметтік, отбасылық т.б тақырыптарды қаузайттын бағдарламаның аудиториясы да еркін. «КТК» телеарнасынан көрсетілетін бағдарлама отандық телеарнада орыс тіліндегі әлеуетті ток-шоу.

6) 2013 жылы Ұлттық арнадан көрерменге жол тартқан өзгеше форматтағы **«Әйел бақыты»** ток-шоуы 4 жыл экран алдын бермеді. Талай тақырыптар қозғалды, талай тағдырлар талқыға салынды. Тікелей эфирде Ләйлә Сұлтанқызының тізгіндеуімен өткен бағдарламаның бір ерекшелігі көрерменге болып жатқан жайтқа тікелей араласа алуына мүмкіндік берілді, қоңырау шалып пікір білдірулеріне, студия қонағы болып өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, өз ойларын ортаға салуға мүмкіндік берген бағдарлама отандық телеарнада ток-шоудың жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанының дәлелі.

7) **«Еуразия»** бірінші арнасынан тележүргізуші Аман Тасығанның тізгіндеуімен көрерменге жол тартқан **«Айтылмаған әңгіме»** бағдарламасы түрлі тақырыптарды қаузап, көрерменін баурай алған бағдарлама болды. Экранда өзінше форматта көрініс тапқан бағдарлама түрлі тағдырларды талқылап, өмірдегі шынайылықты көрсете білді деуге әбден негіз бар. Өнер биігінен өмір биігін бағындырған жандар, қарапайым тұрғындар, жас жеткіншектер әркімнің өзіне аян тағдыры ортаға салынатын бағдарлама өз ашықтығымен, боямасыздығымен бағалы.

8) **«Еуразия»** бірінші арнасында өзіне тән форматы бар **«Пендеміз ғой»** ток-шоуы әлеуметтік, отбасылық, қоғамдық т.б тақырыптарды көтереді. Қарапайым көрерменге экран алдына шығып өз пікірін білдіруге барынша мүмкіндік беретін бағдарлама, аз ғана уақыт ішінде аудитория жинай алды. Түрлі тағдырларды көрсету арқылы түйін шығаратын **«Пендеміз ғой»** бағдарламасы, **«Все мы люди»** деген атаумен дәл сол форматта орыс тілінде шығады.

9) Жақында ғана **«Хабар»** арнасының жаңа мусымында **«Ана мен бала»** отбасылық-танымдық ток-шоуы көрерменге жол тартты. Аталған бағдарлама отбасы, ошақ қасындағы тірліктен өркениеттің өзіне дейінгі түйінді мәселерді қозғайды. Қазіргі алмағайып қоғамда отбасылық таным, балаға деген сүйіспеншілік пен түсінік жалпы алғанда отбасы мәселесі қай тұрғыдан алсақ та күн тәртібінен түспек емес. Халық даналығы **«Отан отбасынан басталады»** деп тегін айтпаса керек-ті. Осының бәрін бір үдеге сыйдыратын **«Ана мен бала»** бағдарламасы отандық телеарнадағы қазіргі таңда көшбасшы деп айтсақ та қате айтқандық емес. Себебі, ол қоғамға қажет, оның сұранысын тудыруда.

Мәселен, аталған бағдарламының кезекті бір санында төрт тілдің әліпбиін жатқа білетін Бейбарыс Дүйсен есімді 4 жасар жеткіншек анасымен бірге студия қонағы болды. Бала қабілеті көгілдір экран алдында кеңінен ашылды. Бар-жоғы 4 жаста болса да, қазақ, орыс, ағылшын және араб тілдерінің әліпбиін жатқа білетін әрі оны аса үлкен жылдамдықпен әспеттеп жаза алатын **«вундеркинд»** баланың қабілеті жұртты сүйсіндірді. Анасы Ботагөздің айтуынша, Бейбарыс алғашқыда ағылшын тілінің әліпбиін меңгерген. Оған әсер еткен Youtube желісіндегі әліпби үйрететін бейнежазбалар болса керек. Кейіннен қазақ тілінің әліпбиін меңгерген жеткіншек, тілде 42 әріп барын айтып, оны студия тақтасына еш кідірместен жазып берді. Әлемдегі қиын тіл әрі әліпбиі де мейлінше күрделі саналатын араб әліпбиіндегі 28 таңбаны еш қиналмастан атап, жазып берген Бейбарыстың қабілеті ақиқатында таң қалып, таңдай қағуға тұрарлық. Анасы Ботагөздің айтуынша, араб тілінің әліпбиін үйренуге мейлінше себеп болған, **«Асыл арна»** телеарнасы екен. Балаға телеарнаны, Youtube желісін қосып беретін ата-ана Бейбарыстың әліпбиді өз бетінше бірден ойға тоқып алатынын айтып ағынан жарылды.

**«Ана мен бала»** бағдарламысының кейіпкері болған **«вундеркинд»** жеткіншек Бейбарыс бар балада кездесе бермейтін сирек қабілетімен аталған бағдарламада бөлісті. Отандық телеарнада отбасылық-танымдық бағдарлама ретінде көш ілгері келе жатқан бағдарлама бүгінде Бейбарыс сияқты талай баланың талантын танытып қана қоймай, қазақ халқының салт-сана, мәдениетін туғып ұстап, отбасылық құндылықтарды телеэкран арқылы насихаттайды, ана мен балаға қажет кеңестер айтылып, тәжірибелер көрсетіледі. Әр аптаның сейсенбі, сәрсенбі және бейсенбі күндері **«Хабар»** телеарнасынан экранға жол тартатын берері мол бағдарлама кез келген ата-анаға бала тәрбиесінде көмекші, кез келген көрерменге тұрмыстық мәселелердің жай-күйінен барынша кең ақпар беретін, таным көкжиегін арттыратын отбасылық форматтағы алғашқы тың жоба.



Қорыта айтқанда, отандық телеарнадағы ток-шоу бағдарламалары бүгінде серпінді қарқынмен дамып келеді. Көрерменді барынша баурай алатын ток-шоу жанрындағы бағдарламалар ой қорытуға, талқылауға, түйіндеуге зор мүмкіндік береді. Болашақтағы жаңа телеарналардың жаңа форматында аталған жанр қарқынды дамиды деп айтуға әбден негіз бар.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қ.Алдаберген, Ф.Оразай. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы, 1996
2. Тұрсынов Қ. Көгілдір экран құпиясы. Алматы, 1999
3. Барманкулов М. Телевидение; деньги или власть. Алматы, 2000
4. Куштуев А. Телевидение по проводом. //Наука и жизнь, 1989.
5. Козыбаев С. Аудитория – весь Казахстан. Алматы, 1984 .
6. Молдабеков А. Хабардың бес белгісі. Алматы, 2000.
7. Сағымбеков Р. Алматыдан сөйлеп тұрмыз. – Алматы, 1979.
8. Любосветов Д. По законам эфира. – М., 1979
9. Корконосенко С. Г. Основы журналистики: Учебник для вузов. — М.: Аспект Пресс, 2001

УДК 882

#### **АҚПАРАТТЫ ТҰТЫНУДАҒЫ ЖЕКЕ СҰРАНЫСТАР ТРЕНДІ**

**Сайлауова Назерке Жанболатовна**

*nozera\_99@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика  
мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.А. Бейсенқұлов

Персонализация - (лат. persona – тұлға) психологияда индивидтің өз ерекшелігін тануы деп жазылған. Ал, қазір біз өз персонанымыздың бейнесін өзіміз емес, почтамызға келетін жарнамамен, я болмаса лентамызда шығатын жаңалықтар легімен танып жүрген жоқпыз ба?

Мен өз ғылыми мақаламда осы сұрақтарға жауап беруге тырыстым.

Сіз осы уақытқа дейін кез-келген браузерге әйтеуір бір ақпаратты іздеуді тапсырдыңыз: билет алу, үй тапсырмасына материал жинау, ауа-райы, т.б. Өз кезеңіңізде сіз сол жердегі әр таңдауыңыз арқылы өзіңіз жайлы ақпарат қалдырып отырасыз.

Екінші әдіс - кейбір сайттар сізге керек ақпаратты бермес бұрын тіркелуді талап етеді. Тіркелу барысында сіз міндетті түрде(ең болмаса 90% жағдайда) электронды почтаңызды, телефон нөміріңізді сол сайтқа тіркейсіз. Маркетинг заңында (онлайн да, оффлайн да) тұтынушының электронды поштасы бизнестегі ең басты қару деген қағида бар. Осыдан біздің үшінші әдісіміз пайда болады.

Әлеуметтік желі аккаунттарындағы анкета. Кез-келген әлеуметтік желіге тіркелеген кезде міндетті түрде аты-жөнімізді, жасымызды, жынысымызды енгізуді талап етеді. Одан бөлек, әлемдегі ең танымал Фейсбуктің анкетасында қай мектепті бітіргеніңізден бастап, қанша жұмыс орнын ауыстырғаныңызды енгізу мүмкіндіктері бар.

Бұл дәлелдерден кейін соңғы бір жылда трендке айналған психологиялық онлайн-тесттердің де түпкі мақсаты - идеалды персонализацияға жету деген тұжырым айқындала түседі.

Аудиторияны зерттеу мүмкіндігі, тұтынушыны және оның әрекеттерін бақылау, оның шешімдерін түсіну және алдын-ала болжау, сонымен қатар, оның ақпаратты тұтынудағы ерекшеліктерін бағалау қазіргі таңдағы ақпарат беру кеңістігі мен БАҚ-тағы тұжырымдарды түбірімен өзгертуде. Сонымен бірге қазір шексіз мүмкіндіктерге ие болып келе жатқан